

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің "Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 22 қазандағы № 68 және "Сұйытылған мұнай газын беруге жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссия туралы үлгілік ережені бекіту туралы" 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 372 бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 5 шілдедегі № 229 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 шілдеде № 28741 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 22 қазандағы № 68 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9890 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 6-бабының 18) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өнім беру жоспарына Қазақстан Республикасының ішкі нарығына тауар биржаларынан тыс және осындай биржалар арқылы өнім берушілер өткізуі міндетті болып табылатын сұйытылған мұнай газының көлемдері кіреді.

5. Өнім беру жоспарының шеңберінде тауар биржаларынан тыс өткізілетін сұйытылған мұнай газын сатып алу құқығына:

- 1) газ толтыру станцияларының иелері;
- 2) топтық резервуарлық қондырғылардың иелері;
- 3) газ толтыру пункттерінің иелері;
- 4) автогаз құю станцияларының иелері;

5) мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін сұйытылған мұнай газын шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылар тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) енгізілген өнеркәсіптік тұтынушылар ие болады.

6. Тауар биржалары арқылы өнім беру жоспарының шеңберінде өткізілетін сұйытылған мұнай газын сатып алу "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 4-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган бекітетін Биржалық сауда қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тұлғалардың сұйытылған мұнай газын беруге өтінімдері (бұдан әрі – өтінім) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындалады және жоспарланып отырған тоқсанның алдындағы ай басталғанға дейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың тиісті жергілікті атқарушы органына мәлімделген өңірде сұйытылған мұнай газын одан әрі өткізу үшін жіберіледі.";

15 және 16- тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген өтінімдердің негізінде облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың жергілікті атқарушы органы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жоспарланып отырған тоқсанға сұйытылған мұнай газын жеткізуге жиынтық өтінім (бұдан әрі – жиынтық өтінім) әзірлейді.

16. Жиынтық өтінім тауар биржаларынан тыс және осындай биржалар арқылы тиісті өңірге жеткізу үшін қажетті көлемдер туралы ақпаратты қамтиды. Тауар биржалары арқылы беру үшін мәлімделген, жоспарланған тоқсанға арналған жиынтық өтінімде белгіленуі тиіс сұйытылған мұнай газы үлесінің мөлшерін уәкілетті орган жоспарланып отырған айдың алдындағы ай басталғанға дейін күнтізбелік 40 (қырық) күннен кешіктірілмейтін мерзімде монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілейді және уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының қарауына мынадай:

1) толық емес және (немесе) қате мәліметтер қамтылған өтінімдер;

2) ағымдағы тоқсанның алдындағы тоқсанның барлық айлары үшін сұйытылған мұнай газын өткізу туралы мәліметтерді ұсынбаған немесе қате мәлімет ұсынған тұлғалардың өтінімдері;

3) сұйытылған мұнай газын өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі шеңберінде оларға қатысты Заңмен белгіленген, сұйытылған мұнай газын өткізу тәртібін жоймаған бұзушылықтары анықталған тұлғалардың өтінімдері;

4) тізбеге енгізілмеген сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылардың өтінімдері қабылданбайды.";

20 және 20-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Сұйытылған мұнай газын жеткізуге өтінімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссия) ұсынған өтінімдерді осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес өңірдің сұйытылған мұнай газына деген қажеттілігін ескере отырып, олардың негізділігі мәніне қарайды.

Бұл ретте сұйытылған мұнай газының көлемдерін газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, топтық резервуарлық қондырғылар, автогаз құю станциялары иелерінің арасында бөлуді осы Қағидаларға 4-қосымшада келтірілген газ толтыру станцияларының, газ толтыру пункттерінің, топтық резервуарлық қондырғылардың, автогаз құю станцияларының иелері үшін Сұйытылған мұнай газы көлемдерін айқындау тетігіне (бұдан әрі – Тетік) сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

Егер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына 150 (жүз елуден) астам өтінім берілген жағдайда, Жиынтық өтінімді қалыптастыру жөніндегі комиссия сұйытылған мұнай газын бөлуді мұндай жергілікті атқарушы орган бекіткен Тетікке сәйкес жүзеге асырады.

20-1. Газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті, топтық резервуарлық қондырғы, автогаз құю станциясы иесінің тиісті өңірге арналған өтінімі кемінде бір вагон-норманы құрайды және онда Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, мұндай тұлғаның сұйытылған мұнай газының айналымы бойынша нақты мүмкіндіктері ескеріледі.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссияның шешімімен мақұлданған жиынтық өтінімді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органы бекітеді және жоспарланып отырған тоқсанның алдындағы ай басталғанға дейін күнтізбелік 35 (отыз бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде өңірдің газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, топтық резервуарлық қондырғылар, автогаз құю станциялары иелерінің арасында сұйытылған мұнай газын жеткізушілер мен бөлу есептеулері бөлінісінде Комиссия отырысының хаттамасын қоса бере отырып, уәкілетті органға жолдайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсында:

1) жиынтық өтінім және Комиссия отырысының хаттамасы;

2) өңірдің газ толтыру станциялары, топтық резервуарлық қондырғылары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің арасында бөлу есептеулері жарияланады.";

26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Өнім беру жоспары осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының жиынтық өтінімдерінің негізінде жоспарланып отырған тоқсанға сұйытылған мұнай газын алушыларды бөле отырып, қалыптастырылады.

27. Егер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген мерзімде жиынтық өтінімді уәкілетті органға жібермеген жағдайда, онда өнім беру жоспарын қалыптастыру жөніндегі комиссияның шешімімен тиісті өңірге арналған өнім беру жоспарында сұйытылған мұнай газын беру көлемдері ағымдағы тоқсан деңгейінде белгіленеді.";

29, 29-1 және 30-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Тауар биржаларынан тыс және осындай биржалар арқылы сұйытылған мұнай газын өткізудің пайыздық арақатынасы сұйытылған мұнай газын өндірудің жобалық қуаты (сұйытылған мұнай газын өндірудің жиынтық көлемі) айына үш жүз тоннадан аспайтын өндірушілерді қоспағанда, барлық өнім берушілер үшін бірыңғай белгіленеді. Осындай өнім берушілердің сұйытылған мұнай газының барлық көлемі өнім беру жоспарының шеңберінде тауар биржалары арқылы өткізуге жатады.

29-1. Тауар биржалары арқылы ішкі нарыққа сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру кезінде өнім беру өңірі ретінде тиісті облыс, республикалық маңызы бар қала, астана не өңірлер тобы, не Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы белгіленеді.

30. Тауар биржаларынан тыс сұйытылған мұнай газын тиісті өңірлерге жеткізу үшін өнім берушілерді анықтау өнім берушілердің өндірістік қуаттарының географиялық орналасқан жеріне сүйене отырып, жүзеге асырылады.";

31-1 және 32-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"31-1. Тиісті өңірге тауар биржаларынан тыс сұйытылған мұнай газын жеткізу үшін бірнеше өнім берушіні анықтау кезінде осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тұлғалар мен көрсетілген өнім берушілер арасында сұйытылған мұнай газының көлемдерін бөлу вагон-норманы есепке ала отырып, пропорционалды жүзеге асырылады.

32. Сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушыларға сұйытылған мұнай газын жеткізу үшін өнім берушілерді анықтау өнім берушілердің өндірістік қуатының географиялық орналасқан жерін есепке ала отырып, сондай-ақ қажет болған жағдайда сұйытылған мұнай газының құрамында қажетті фракциялардың бар болуын есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Бұл ретте мұнай-газ-химия өнімдерін (терең өңдеу процесінде химиялық өзгеріске түспеген) шығару үшін шикізат ретінде тікелей пайдаланылмайтын сұйытылған мұнай газының фракциялары өнім беру жоспарының шеңберінде тауар биржаларынан тыс

осындай өнеркәсіптік тұтынушының пайдасына иеліктен шығарылмайды және тараптармен келісілген мерзімде және тәртіпте өндірушіге қайтарылуға тиіс.";

35 және 36-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Өнім беру жоспарын қалыптастыру жөніндегі комиссияның шешімі жоспарланып отырған тоқсан алдындағы ай басталғанға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде шығарылады.

36. Өнім беру жоспарын қалыптастыру жөніндегі комиссия сұйытылған мұнай газын өндіруді, тасымалдауды (тасуды), сақтауды, тиеп-жөнелтуді және өткізуді мониторингтеу деректерінің негізінде жиынтық өтінімді өнім беру жоспарына енгізеді және оны өзгерту қажеттілігі туралы дәлелді шешім қабылдайды.

Өндіруші зауыттардың сұйытылған мұнай газы өндірісі көлемдері туралы мәліметтері өзгерген жағдайда уәкілетті орган облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарға жоспарланып отырған тоқсанның алдындағы ай басталғанға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жиынтық өтінімді түзету қажеттілігі туралы хабарлайды. Бұл ретте облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органға жоспарланып отырған айдың алдындағы ай басталғанға дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей түзетілген жиынтық өтінімді жолдайды.";

39, 39-1, 39-2, 40, 41 және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Уәкілетті орган өнім беру жоспарын өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын қайта өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газын өндірушілерге, оның меншік иелеріне жоспарланып отырған тоқсанның алдындағы ай басталғанға дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жібереді және уәкілетті орган өзінің ресми интернет-ресурсында жариялайды.

39-1. Бекітілген өнім беру жоспарын түзету мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) сұйытылған мұнай газын өндіру көлемі тиісті өнім берушіге өнім беру жоспарын орындауға мүмкіндік бермейтін деңгейге дейін төмендеген кезде;

2) газ толтыру станциясының, газ толтыру пунктінің, топтық резервуарлық қондырғы, автогаз құю станциясының иесі үшін өз қызметін жүзеге асыру және (немесе) өнім беру жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын сатып алуға қатысу объективті түрде мүмкін болмаған және (немесе) тыйым салынған кезде;

3) газ толтыру станциясының, газ толтыру пунктінің, автогаз құю станциясының иелері тауар биржаларынан тыс сұйытылған мұнай газының көлемін сатып алудан мұндай тұлғаның кінәсінен бас тарту жағдайы туындаған кезде.

39-2. Осы Қағидалардың 39-1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, қалған өнім берушілердің Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру көлемін пропорционалды арттыру және (немесе) тауар биржаларынан тыс өнім беру жоспары шеңберінде газ толтыру станцияларының, газ

толтыру пункттерінің, автогаз құю станцияларының иелері алатын көлемдерді пропорционалды азайту жүргізіледі.

Осы Қағидалардың 39-1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда Тетікке сәйкес тиісті өңірдің қалған газ толтыру станцияларының, газ толтыру пункттері, топтық резервуарлық қондырғылар, автогаз толтыру станциялары иелерінің пайдасына сұйытылған мұнай газын пропорционалды қайта бөлу жүзеге асырылады.

40. Өнім берушіде осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тұлғалардың сұйытылған мұнай газын сатып алудан бас тартуына байланысты тауар биржаларынан тыс Қазақстан Республикасының ішкі нарығына өткізу үшін міндетті болып табылатын өнім беру жоспары шеңберінде көзделген сұйытылған мұнай газының тиеп-жөнелтілмеген көлемдері пайда болған жағдайда, мұндай өнім беруші уәкілетті органға 2 (екі) жұмыс күні ішінде алдын ала хабар бере отырып, тауар биржалары арқылы тиеп-жөнелтілмеген көлемдерді өткізуді жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайда сұйытылған мұнай газын өткізу "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 4-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган бекітетін Биржалық сауда қағидаларында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

41. Өнім берушілер жоспарланған ай басталғанға дейін және (немесе) өндіруші бөлгенге дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тұлғалардың атына өнім беру жоспарына және өндірушінің бөлуіне сәйкес сұйытылған мұнай газын беру графигін қоса бере отырып, өз тарапынан қол қойылған сұйытылған мұнай газын беру шартын (шартқа қосымша келісімді) жолдайды.

Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тұлғалар 5 (бес) жұмыс күні ішінде өнім берушіге:

1) өз тарапынан қол қойылған сұйытылған мұнай газын беру шартын (шартқа қосымша келісімді), сондай-ақ сұйытылған мұнай газын төлегені туралы мәліметті;

2) төленген сұйытылған мұнай газын алудан бас тартуы туралы себебін көрсете отырып, осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тұлғаның уәкілетті өкілі қол қойған хаты.

Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тұлғаның атынан 5 (бес) жұмыс күні өткеннен кейін ресми жауап алмау еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайларды қоспағанда, сұйытылған мұнай газын сатып алудан бас тарту болып саналады.

Өнім берушілер ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей, уәкілетті органға және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың,

астананың тиісті жергілікті атқарушы органына осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тұлғалар тауар биржаларынан тыс өнім беру жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газы көлемдерінен бас тарту жағдайлары туралы хабарлайды.

42. Өнім берушіде Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауар биржалары арқылы өткізу үшін міндетті сұйытылған мұнай газының тиеп-жөнелтілмеген көлемдері туындаған жағдайда, ол "Тауар биржалары туралы" Заңның 4-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган бекітетін Биржалық сауда қағидаларының ережелерін сақтаған кезде мұндай өнім беруші уәкілетті органды алдын ала хабардар ете отырып, тиеп-жөнелтілмеген көлемдерді басқа тұлғаларға өткізуді жүзеге асырады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Сұйытылған мұнай газын беруге жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссия туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 372 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17541 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сұйытылған мұнай газын беруге жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссия туралы үлгілік ереже (бұдан әрі – Үлгілік ереже) "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Заң) 6-бабының 18-5) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Заңның 6-бабының 18) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидаларына сәйкес Заңның 27-1-бабының 11-тармағында көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес топтық резервуарлық қондырғылар арқылы тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға кейіннен өткізуге жататын көлемдерде топтық резервуарлық қондырғылар арқылы сұйытылған мұнай

газын бөлшек саудада өткізу бағаларын мемлекеттік реттеу белгіленген тұлғалар берген өтінімдердегі деректердің негізділігін, толықтығын және уақтылығын анықтайды;

Заңның 6-бабының 18) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидаларына сәйкес сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылар берген өтінімдердегі деректердің негізділігін, толықтығын және уақтылығын анықтайды;

Заңның 6-бабының 18) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидаларына сәйкес сұйытылған мұнай газы биржалық сауда-саттығына қатысушылар берген өтінімдердегі деректердің негізділігін, толықтығын және уақтылығын анықтайды;

2) өтінімді мақұлдау және оны жиынтық өтінімге енгізу немесе тиісті өтініш беруші үшін сұйытылған мұнай газының беру көлемдерін өзгерту туралы шешім қабылдайды;

3) жиынтық өтінімді мақұлдау туралы шешім қабылдайды.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Комиссияны жергілікті атқарушы орган тиісті жергілікті атқарушы органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерінен және сұйытылған мұнай газын өткізумен айналысатын тұлғаларды қоспағанда, басқа да тұлғалардан құрады."

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ және мұнай-газ-химия департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2022 жылғы 5 шілдедегі
№ 229 Бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының
ішкі нарығына сұйытылған
мұнай газын беру жоспарын
қалыптастыру қағидаларына
1-қосымша

_____ (өңір атауы) _____ (жылғы) _____
_____ (тоқсан) арналған сұйытылған мұнай газын беруге жиынтық өтінім
Өңірдің сұйытылған мұнай газына 20 _____ жылғы қажеттілігі _____ тоннаны
құрайды, оның ішінде тауар биржалары арқылы _____% немесе _____ тонна, тауар
биржаларынан тыс- _____% немесе _____ тонна, оның ішінде:

р/с №	Алушының атауы, орналасқан жері	Алушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі	сұратыл атын жеткізілім көлемі	оның ішінде әрі қарай өткізу түрлері бойынша бөле отырып					
				моноблоктарды қоса алғанда, автогаз құю станциялары арқылы		газ толтыру пункттері (тұрмыстық баллондар арқылы)		топтық резервуарлық қондырғылар арқылы*	
1	2	3	4	меншікті	бөгде	меншік	бөгде	8	9

оның ішінде әрі қарай өткізу түрлері бойынша бөлумен бірге			Түсіру орны:
Сыйымдылық газы			
тұрмыстық тұтынушыларға	Коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға	Өнеркәсіптік тұтынушыларға	Түсіру орны: темір жол көлігімен алып кету мекенжайы – газ толтыру станциясының мекенжайы (сақтау (ауыстырып тиеу) шарты бойынша көрсетілген); автокөлікпен алып кету үшін – автогаз құю станциясының, газ толтыру пунктінің немесе топтық резервуарлық қондырғының мекенжайы.

10	11	12	13	14
----	----	----	----	----

Ескертпе:

*пайдаланылуы Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес табиғи монополиялар салаларына жатқызылған топтық резервуарлық қондырғылар бойынша ғана толтырылады.

Сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімін өндіру үшін пайдаланатын өнеркәсіптік кәсіпорындар 2, 3, 4 және 13-бағандарды толтырады.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2022 жылғы 5 шілдедегі
№ 229 Бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының
ішкі нарығына сұйытылған
мұнай газын беру жоспарын
қалыптастыру қағидаларына
2-қосымша

Сұйытылған мұнай газын жеткізуге газ толтыру станциялары, топтық резервуарлық қондырғылар, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің, мұнай-газ-химия өнімін өндіру үшін сұйытылған мұнай газын шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушының және сұйытылған мұнай газы сауда-саттығына қатысушылардың өтінімі

бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

(алушының атауы)

орналасқан жері _____ (тоқсан) _____ жылы, жеткізу

аймағы _____

_____ (жеткізу аймағы көрсетіледі)

тоннамен

Өнімнің сұратылатын көлемі	Оның ішінде әрі қарай өткізу түрлері бойынша бөле отырып				Топтық резервуарлық қондырғылар арқылы*	Сыйымдылық газ		
	моноблоктарды қоса алғанда, автогаз құю станциялары арқылы		Газ толтыру пункттері арқылы (тұрмыстық баллондар)			Тұрмыстық тұтынушыларға	Коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға	Өнеркәсіптік тұтынушыларға
	меншікті	бөгде	меншікті	бөгде				
1	2	3	4	5	6	7	8	9
						Түсіру орны: меншікті газ толтыру станциясының мекенжайы және/немесе		

Мұнай-газ-химия өнімін өндіру процесінде химиялық өзгеріске түспеген сұйытылған мұнай газының көлемі (бар болған жағдайда)	сақтау (ауыстырып тиеу) шарты бойынша **.
10	11

Ескертпе:

* Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес пайдаланылуы табиғи монополиялар салаларына жатқызылған топтық резервуарлық қондырғылар бойынша ғана толтырылады.

** Сұйытылған мұнай газы зауыттардан автокөліпен жеткізген жағдайда газ толтыру станциясымен сақтау (тиеу) шарты талап етілмейді.

Өтінімде көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде газ толтыру станцияларының, топтық резервуарлық қондырғылардың, газ толтыру пункттерінің, автогаз құю станцияларының иелері үш жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органына өзгерген мәліметтер бойынша растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады;

Мұнай-газ химиясын өндіру үшін сұйытылған мұнай газын пайдаланатын өнеркәсіптік кәсіпорындар 1 және 10-бағандарды толтырады.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2022 жылғы 5 шілдедегі
№ 229 Бұйрығына
3 қосымша

Қазақстан Республикасының
ішкі нарығына сұйытылған
мұнай газын беру жоспарын
қалыптастыру қағидаларына
4-қосымша

Газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, топтық резервуарлық қондырғылардың, автогаз құю станцияларының иелері үшін сұйытылған мұнай газы көлемдерін айқындау тетігі

1. Газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, топтық резервуарлық қондырғылар, автогаз құю станциялары иелерінің ұсынған өтінімдері мынадай өлшемшарттарға сүйене отырып қарастырылады:

1) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес табиғи монополиялар салаларына жатқызылған топтық резервуарлық қондырғыларды қоспағанда, осы тетіктің 5-тармағында көрсетілген объектілердің мәлімделген өңіріндегі газ толтыру станциясының, газ толтыру пунктінің, автогаз толтыру станциясының иелері пайдаланатын жобалық қуаты (бұдан әрі – P1 көрсеткіші);

2) топтық резервуарлық қондырғылар арқылы сұйытылған мұнай газын өткізуді қоспағанда, сұйытылған мұнай газын мәлімделген өңірде өткен кезеңдерде өткізудің нақты көлемдері (бұдан әрі – P2 көрсеткіші) қамтиды;

3) сұйытылған мұнай газын мәлімделген өңірде тұрмыстық баллондарда өткізу (бұдан әрі – P3 көрсеткіші).

2. Әрбір өлшемшарт бойынша жалпы мәннен пайыздық арақатынастағы үлесі шығарылады. Газ толтыру станциясы, газ толтыру пункттері, автогаз құю станцияларының иесі көрсеткішінің қорытынды мәні пайыздық көрсеткіштердің орташа өлшенген мәні ретінде белгіленеді.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес пайдаланылуы табиғи монополиялар салаларына жатқызылған топтық резервуарлық қондырғылар (бұдан әрі – топтық резервуарлық қондырғылар) арқылы өткізу үшін қажетті сұйытылған мұнай газының көлемі өткен күнтізбелік үш айдағы орташа айлық тұтынуды ескере отырып, толық көлемде бөлінеді.

4. Жалпы көлемнен үлес:

1) газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясы иесінің инфрақұрылымы артқан кезде;

2) газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясының иелерімен орташа айлық өткізу көлемі өскен кезінде ұлғаюға жатады.

5. P1 көрсеткішін бағалау кезінде мәлімделген өңірде орналасқан газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясы иесінің пайдаланылатын қуаттарының жалпы көлемінің жиынтық көрсеткіші көрсетіледі:

1) газ толтыру станциялары;

2) газ толтыру пункттері;

3) моноблоктарды қоса алғанда, автогаз құю станциялары.

Аталған қуаттардың болуын растау үшін газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясының иелері құқық белгілейтін құжаттар мен шарттардың, әрбір объектінің жалпы сыйымдылығы мен жобалық қуатын белгілейтін құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін ыдыстардың өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі уәкілетті органда тіркелгенін растайтын құжатты ұсынады.

6. P2 көрсеткішін бағалау кезінде топтық резервуарлық қондырғылар арқылы сұйытылған мұнай газын өткізу көлемін қоспағанда, өткен күнтізбелік үш ай үшін газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті, топтық резервуарлық қондырғы, автогаз құю станциясы иелері өткізуінің нақты көлемі көрсетіледі.

Сұйытылған мұнай газының көлемдерін өткізу туралы осы мәліметтерді растау үшін газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті, топтық резервуарлық қондырғы, автогаз құю станциясының иелері облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына сұйытылған мұнай газын сатып алуды растайтын құжаттардың көшірмелерін (жеткізу шарттары, электрондық шот-фактуралар, жүкқұжаттар) ұсынады.

7. P3 көрсеткішін бағалау кезінде тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын өткізетін газ толтыру станциясы мен газ толтыру пункті иелерінің нақты көлемі көрсетіледі.

8. Өлшемшарттардың әрқайсысының үлесі мына формула бойынша есептеледі:

$$P_1 \text{ показатель (\%)} = \frac{P_{\text{ГСО (объем)}}}{P_{\text{ГСО общий (объем)}}} * 100,$$

мұндағы:

P1 көрсеткіш – өңірдің газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, топтық резервуарлық қондырғылар, автогаз құю станциялары иелері қуатының жалпы көлемінен үлес;

РГСО (көлемі) – газ толтыру станциясының, газ толтыру пунктінің, топтық резервуарлық қондырғы, автогаз құю станциясының иесі қуаттарының нақты көлемі;

РГСО жалпы (көлемі) – өңірдің газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, топтық резервуарлық қондырғылар, автогаз құю станцияларының иелері қуаттарының жалпы көлемі;

$$P_2 \text{ показатель (\%)} = \frac{P_{\text{ГСО (объем реал)}}}{P_{\text{ГСО общий (объем реал)}}} * 100,$$

мұндағы:

P2 көрсеткіш (%) – топтық резервуарлық қондырғылар арқылы сұйытылған мұнай газын өткізу көлемін қоспағанда, өткен күнтізбелік үш айда өңірдің газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясы иелерінің өткізу көлемінің үлесі;

РГСО (реал көлемі) – топтық резервуарлық қондырғылар арқылы сұйытылған мұнай газын өткізу көлемін қоспағанда, өткен күнтізбелік үш айда газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясы иелерінің нақты өткізу көлемі;

РМГҚ жалпы (реал көлемі) – топтық резервуарлық қондырғылар арқылы сұйытылған мұнай газын өткізу көлемін қоспағанда, өткен күнтізбелік үш айда өңірдің газ толтыру станцияларының, газ толтыру пункттерінің, автогаз құю станцияларының иелерінің өткізетін жалпы көлемі.

$$P_3 \text{ показатель (\%)} = \frac{P_{\text{ГСО (66)}}}{P_{\text{ГСО общий (66)}}} * 100,$$

мұндағы:

P3 көрсеткіш (%) – тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын өткізу үлесі;

РГСО (бб) – тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын өткізуге арналған инфрақұрылымның болуы (болған жағдайда = 1, болмаған жағдайда = 0);

РГСО жалпы (бб) – тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын өткізуге арналған инфрақұрылымы бар газ толтыру станциялары, өңірдің газ толтыру пункттері иелерінің жиынтық саны.

Тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын өткізуге арналған инфрақұрылым деп жиынтығында тиісті өңірде арнайы автокөліктің, авариялық-диспетчерлік қызметтің, тұтынушыларды абоненттік есепке алудың, тұрмыстық баллондардың газ толтыру цехының және тұрмыстық баллондарды жөндеу және кәдеге жарату цехының болуы түсініледі.

Көрсетілген мүліктің бар-жоғын растау үшін газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттерінің иелері тиісті құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

9. Газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті, топтық резервуарлық қондырғы, автогаз құю станциясының иесі көрсеткішінің қорытынды мәні пайыздық мәндегі көрсеткіштердің орташа өлшенген мәні ретінде айқындалады:

$$P_{\text{ГСО}}(\%) = P_1 * K_1 + P_2 * K_2 + P_3 * K_3,$$

мұндағы:

K1 – 20%;

K2 – 75%;

K3 – 5%

10. Тауар биржаларынан тыс жеткізу жоспары шеңберінде газ толтыру станциясы, топтық резервуарлық қондырғы, газ толтыру пункті, топтық резервуарлық қондырғы, автогаз құю станциясы иесінің өткізу көлемінің қорытынды мәні көлемдік мәнде мынадай формула бойынша айқындалады:

$$V_{\text{ГСО}}(\text{сз}) = \frac{V_{\text{ПЛАН}} * P_{\text{ГСО}}}{100\%} + V_{\text{ГСО}}(\text{ГРУ}),$$

мұндағы:

$V_{\text{ГСО}}(\text{сз})$ – газ толтыру станциясы, топтық резервуарлық қондырғы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясының әрбір иесі үшін тауар биржаларынан тыс жиынтық өтініммен бекітілген көлем.

$V_{\text{жоспар}}$ – топтық резервуарлық қондырғылар арқылы өткізу үшін бөлінген сұйытылған мұнай газының көлемін қоспағанда, әрбір өңір үшін тауар биржасының жиынтық өтінімінде көзделген жалпы көлем.

Угсо (ГРК) – топтық резервуарлық қондырғының әрбір иесі бөлінісінде топтық резервуарлық қондырғылар арқылы өткізілетін сұйытылған мұнай газының көлемі.

11. Газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, топтық резервуарлық қондырғылар, автогаз құю станцияларының иелері бойынша деректер жаңартылуға жатады:

1) өткен күнтізбелік үш айда газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, топтық резервуарлық қондырғылар, автогаз құю станциялары иелерінің өткізу көлемі бойынша;

2) жобалық қуаттар бойынша.

12. Газ толтыру станциясы, топтық резервуарлық қондырғы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясының иесі осы тетіктің 8, 9 және 10-тармақтарына сәйкес есептелгеннен аз сұйытылған мұнай газының көлеміне өтінім берген жағдайда, онда сұйытылған мұнай газының қалған көлемі тиісті өңірде өткізу үшін Тауар биржалары арқылы өткізуге қойылады.

13. Газ толтыру станциясы, топтық резервуарлық қондырғы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясы иесінің әрекеті тоқтатыла тұрған жағдайда, сұйытылған мұнай газының толық берілмеген көлемі тиісті өңірде өткізу үшін Тауар биржалары арқылы өткізуге қойылады.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2022 жылғы 5 шілдедегі
№ 229 Бұйрығына
4-қосымша

Қазақстан Республикасының
ішкі нарығына сұйытылған
мұнай газын беру жоспарын
қалыптастыру қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына тауар биржаларынан тыс сұйытылған мұнай газын беру жоспары _____ (жыл) _____ (тоқсан)

тоннада

р/с №	Өнім берушінің атауы, орналасқан жері	Жеткізу өңірі	Алушының атауы	Тауар биржаларынан тыс алушы үшін берілетін сұйытылған мұнай газының көлемі, тонна	Түсіру орны
1	2	3	4	5	6

Ескертпе: Өнім беру жоспары мыналарды:

1) № р/с – реттік нөмірі;

2) өнім берушінің атауы, орналасқан орны – өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутегі шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелерінің, өндірушілердің тізбесі және олардың орналасқан жері;

3) жеткізу өңірі – сұйытылған мұнай газы жеткізілетін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана не өңірлер тобы не Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы;

4) алушының атауы – сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылардың тізбесі;

5) алушылар бөлінісінде тауар биржалары тыс жеткізілетін сұйытылған мұнай газының көлемі, сондай-ақ жүктеме деңгейі пайыздық қатынаста барлық өнім берушілер үшін бірыңғай белгіленеді, тоннада;

6) түсіру орны – аккредиттеу туралы куәлікте көрсетілген не сақтау (ауыстырып-тиеу) шарты бойынша газды сақтауды (ауыстырып тиеуді) жүзеге асыратын газ толтыру станциясының орналасқан мекенжайы, ал мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін сұйытылған мұнай газын шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылар үшін – газды сақтауға арналған сыйымдылықтарды қамтиды.

Егер өндіруші меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде басқа тұлғаларға тиесілі көмірсутек шикізатынан сұйытылған мұнай газын өндіру бойынша қызметтер көрсеткен жағдайда, онда беру жоспарында өздеріне меншік құқығымен тиесілі сұйытылған мұнай газын қайта өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының барлық меншік иелерінің Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізуі үшін міндетті сұйытылған мұнай газының жиынтық көлемі көрсетіледі немесе осындай өндірушінің көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын өзге де заңды негіздерде көрсетіледі.

Егер 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасында жасалған және міндетті салық сараптамасынан өткен өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) не Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы өнім беруші болып табылған жағдайда, онда мұндай тұлғаға арналған жеткізу жоспарында Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын Қазақстан Республикасының ішкі нарығына және жеткізу өңірлеріне сұйытылған мұнай газын беру көлемдері ғана.

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына тауар биржаларынан тыс сұйытылған мұнай газын беру жоспары _____ (ай) _____ (жыл)

тоннамен		
P/c №	Жеткізу өңірі	Өңір үшін тауар биржалары арқылы жеткізуге сұйытылған

	Өнім берушінің атауы, орналасқан жері		мұнай газының көлемі, тонна
1	2	3	4

Ескертпе: Өнім беру жоспары мыналарды:

1) № P/c – реттік нөмірі;

2) өнім берушінің атауы, орналасқан жері – өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутегі шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иелерінің, өндірушілердің тізбесі және олардың орналасқан жері;

3) жеткізу өңірі – сұйытылған мұнай газы жеткізілетін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана не өңірлер тобы не Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы;

4) өңір бөлінісінде тауар биржалары арқылы жеткізуге сұйытылған мұнай газының көлемі, тоннада қамтиды.